

**Балықты ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 11 наурыздағы № 15 "Балықты ауылдық округіндегі елді мекендердегі атаусыз көшелерге атаулар беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің Балықты ауылдық округ әкімінің 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 70 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 12 желтоқсанда № 5297 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2 тармағына сәйкес, Түлкібас ауданы әкімдігінің Балықты ауылдық округ әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Балықты ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 11 наурыздағы № 15 "Балықты ауылдық округіндегі елді мекендердегі атаусыз көшелерге атаулар беру туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4937 болып тіркелген, 2019 жылғы 1 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

Шешімнің қазақ тіліндегі мәтінінің 2-тармағындағы "Түлкібас ауданы әкімдігінің Балықты ауылдық округі әкімінің аппараты" деген сөздер "Түлкібас ауданы әкімдігінің Балықты ауылдық округ әкімінің аппараты" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Түлкібас ауданы әкімдігінің Балықты ауылдық округ әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) 1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Түлкібас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Түлкібас ауданы  
әкімдігінің Балықты  
ауылдық округ әкімі*

*А. Уркембаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК